

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ОҚУ-
ӘДІСТЕМЕЛІК БАСЫЛЫМДАРДЫ ӘЗІРЛЕУ**

Әдістемелік ұсынымдар

НҰР-СҰЛТАН, 2021

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК

Пікір берушелер: Жайтапова А.А., п.ғ.д., профессор
Накатова О.И., п. ф. к.

Құрастырушылар: Ахметова К. К., п. ф. к.,
Амирхамзина Р.Г., Айгараева Р.Р.

Орыс тілінен аударған: Оразаева З.Н.

Педагогикалық тәжірибе нәтижелері бойынша оқу-әдістемелік басылымдарды әзірлеу. Әдістемелік ұсынымдар – Нұр – Сұлтан, 2021. – 31 б.

Әдістемелік ұсынымдарда педагогикалық тәжірибенің негізгі бағыттары, оқу–әдістемелік басылымдардың анықтамалары, оларды әзірлеу және ресімдеу бойынша ұсынымдар берілген.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
I. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ БАҒЫТЫ	6
II. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БАСЫЛЫМДАРДЫ ӨЗІРЛЕУ	9
1. ҚҰРАЛДЫҢ ҮЛГІ ҚҰРЫЛЫМЫ	12
2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҮЛГІ ҚҰРЫЛЫМЫ	12
III. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ	14
IV. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК- ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС.....	15
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	20
ҚОСЫМШАЛАР	21
1. ЗЕРТТЕУ КЕЗЕҢДЕРІНІҢ ҮЛГІ АЛГОРИТМІ (НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕ СӘЙКЕС ТҮЗЕТУЛЕР)	21
2. САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚАРАУЫНА ҰСЫНЫЛҒАН ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ТИТУЛДЫҚ БЕТІН РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	22
3. ПЕДАГОГ ҰСЫНАТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ	23
3.1. ӨТІНІШ ЖАСАУДЫҢ ҮЛГІСІ	23
3.2. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫ	23
3.3. МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ҒАЛЫМДАРҒА, БІЛІМ БАСҚАРМАЛАРЫ МАМАНДАРЫНА (ӨДІСКЕРЛЕРІНЕ) ОҢ РЕЗЕНЦИЯЛАР	24
3.4. ПЛАГИАТҚА ҚАРСЫ ПРОЦЕДУРА	24
3.5. МӘЛІМДЕЛГЕН МӘСЕЛЕ БОЙЫНША КӨШІРМЕЛЕР МЕН ЖАРИЯЛАНЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ	24
3.6. ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ АКТІНІ ТОЛТЫРУҒА АРНАЛҒАН ҮЛГІ	25
3.7. РЕЦЕНЦИЯ ЖАЗУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	25
4. ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҮЛГІ ҚҰРЫЛЫМЫ	28
5. ЭКСПЕРИМЕНТТІК АЛАҢ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАРЫСЫН БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАДЫНАМА	29
6. ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ДӘЙЕКСӨЗДЕР	30
7. ОҚИҒАҒА БАЙЛАНЫСТЫ ӨСИЕТ ӘНГІМЕ	31

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінде білім беру философиясы мен әдіснамасының басым бағыттары, педагогтердің біліктілігін арттыру және үздіксіз әдістемелік өзін-өзі дамыту нысандарын, әдістерін, құралдарын іздеу, білім беруді басқарудың тиімді тәсілдерін әзірлеу айқындалған.

Мұғалімнің жеке және кәсіби өсуі ғылыми-зерттеу қызметін қамтиды, оның барысында ол шығармашылық тұлға ретінде дамиды. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі [1] білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу болып табылады, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді дербес, ұтқыр, түрлі жағдаяттық міндеттерді шешуге дайын болуға, ұлттық құндылықтарды бағалауға және сақтауға ол қамтамасыз етеді. Зерттеу ізденісінде жұмыс істейтін, білім берудің жаңа мазмұнының талаптары тұрғысынан сабақты сауатты құрастыратын педагог оқушылардың білім сапасының генераторы болып қала береді.

Мұғалімнің практикалық жұмысы ғылыми негізде талдау жасау, ол қолданатын әдістерді шығармашылықпен түсіну, ақпаратпен жұмыс істей білу, білім берудегі жаңалықтар туралы оның қызметінің ғылыми – әдістемелік деңгейін жоғарылатады. Жеке және шығармашылық мүмкіндіктерді оңтайлы қолдана отырып, жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттырудың басты бағыты оның қызметінің ғылыми – зерттеу аспектісі болып табылады.

Қазіргі уақытта педагогикалық қоғамдастықтың назары оқытылатын пән әдіснамасы саласында ғылыми – әдістемелік қамтамасыз етуді және сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру, инновацияларды енгізу қажеттілігіне аударылды. Педагогикалық ұжымда білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде ғылыми – әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, кәсіби өсудің дамуын басқару, ең алдымен, өзін – өзі тәрбиелеудің жоспарлары мен нәтижелерін, бағдарламаларды, оқу – әдістемелік кешендерді, әдістемелік құралдарды, ұсыныстарды және оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың басқа құралдарын әзірлеуді қамтиды. Педагогтер білім беру ұйымдарының оқу – тәрбие процесіне тиімді білім беру технологияларын, әдістерін апробациялауға және енгізуге бағытталған тәжірибелік – эксперименттік алаңдардың жұмысына белсенді қатысады. Сондай-ақ, педагогтер оқушылармен пәндік олимпиадаларға дайындық бойынша, ғылыми жобалармен жұмыс істейді. Педагогтің зерттеушілік, шығармашылық қызметінің нәтижесі ретінде оқу – әдістемелік материалдарды әзірлеу педагогикалық тәжірибені таратудың ең өзекті түрі болып табылады.

«Педагогикалық тәжірибе нәтижелері бойынша оқу – әдістемелік басылымдарды әзірлеу» әдістемелік ұсынымдары кәсіби шеберлікті одан әрі жетілдіру үшін тәжірибе мен жетістіктер нәтижелерін рәсімдеу кезінде білім беру мазмұнының жаңа форматында жұмыс істейтін білім беру

ұйымдарының педагогтеріне арналған. Әдістемелік ұсынымдарда ұсынылған негізгі ұғымдар, пайдалы ұсыныстар, оқу – әдістемелік басылымдарды әзірлеу бойынша жадынамалар, педагогикалық тәжірибе портфолиосына арналған үлгілер тәжірибені жинақтайтын педагогтер үшін пайдалы болады.

Осы әдістемелік ұсынымдардың материалдары педагогтерге өздерін тұлға ретінде, өз кәсібінің шебері ретінде, мамандық бойынша мұғалім ретінде неғұрлым айқын, жүйелі және сенімді түрде таныстыруға мүмкіндік береді деп үміттенеміз!

I. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІҢ ҒЫЛЫМИ – ЗЕРТТЕУ БАҒЫТЫ

Жаңартылған білім беру мазмұнының идеяларын жүзеге асыру үшін педагогтерге оның кәсіби өсуін қамтамасыз ететін біліктілікті арттырудың тақырыптық курстарынан өту, үздіксіз әдістемелік өз бетінше білім алу, зерттеу тәсілі, шығармашылық ізденіс қажет. «Педагог кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде: ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименталды қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге құқылы; оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеу және қолдану, тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтай отырып, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамыту және тарату...» деп көрсетілген «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында [2].

Мұғалімнің практикалық жұмысы ғылыми талдау негізінде, ол қолданатын әдістерді шығармашылық тұрғыдан түсіну, білім берудегі жаңалықтар туралы ақпаратпен жұмыс істей білу оның қызметінің ғылыми – әдістемелік деңгейін арттырады. Зерттеу ізденісінде жұмыс істейтін, сабақты білім берудің жаңа мазмұнының талаптары тұрғысынан сауатты үлгілейтін педагог оқушылардың білім сапасының генераторы болып қала береді. Мұғалімнің жеке және шығармашылық мүмкіндіктерін оңтайлы қолдана отырып, оның қызметінің ғылыми – әдістемелік аспектісінің өзіне тән белгілері: ғылым мен практиканың жетістіктеріне қызығушылық; ғылыми зерттеу әдістерін меңгеру; тұтас педагогикалық үдерістің көрінісі; педагогикалық жаңалықтарды меңгеру және енгізудегі белсенділік; педагогикалық үдерістің жағдайын диагностикалай білу; оқу-тәрбие үрдісінің жағдайын үлгілей білу.

Ғылыми–әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, педагогикалық ұжымдағы білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде кәсіби өсудің дамуын басқару, ең алдымен, өзін – өзі тәрбиелеу жоспарлары мен нәтижелерін әзірлеуді қамтиды. Өзін–өзі тәрбиелеу мәселесін/тақырыбын таңдау үшін мұғалім өзінің кәсіби деңгейіне талдау жасауы керек, сыныпты, балалар тобын, жұмыс жағдайларын диагностикалауы қажет. Кәсіби өзін–өзі тану деңгейлерін өлшеу шкаласы бар:

Жоғары – шебер – шығармашылық: өзін–өзі тануға дайындық, инновацияларды дамыту, педагогикалық инновацияларды тұжырымдамалық бағалау мүмкіндігі, ғылыми зерттеу әдістерін меңгеру, шығармашылық топта жұмыс істей білу, пәнді жақсы білу, интроспекция, өз стилін, көшбасшылықты, тәуелсіздікті, белсенділікті құруға деген ұмтылыс.

Орташа – үлгілеуші: ғылыми жетістіктерге қызығушылық, өзін–өзі дамыту қажеттілігі, кәсіби қолжазбаға деген ұмтылыс, пәнді білу, педагогикалық инновация туралы түсінік, ғылыми зерттеу әдістерін меңгеру, тәуелсіздік, белсенділік, сенімділік. Жаңашылдықты қолдана отырып, оқу

процесін үлгілеуді білетін осы деңгейдегі мұғалімдерге тұжырымдамалық тұрғыдан негіздеу қиынға соғады және сирек көшбасшылыққа ұмтылады.

Төмен – бейімделушілік: өзін – өзі жүзеге асыру қажеттілігі кәсіби және тұлғалық маңызға ие бола алмайды: Ол кейде және педагогикалық қызметтің жекелеген салаларында ғана көрінеді. Рефлексия ең төменгі дәрежеде. Мұғалімдер өз пәндерінің мазмұнын біледі, бірақ кейбір инновацияларды қолдана отырып, тұтас педагогикалық процеспен байланысты көріп, іске асыра алмайды, педагогикалық инновация туралы түсінігі бұлыңғыр, өзін–өзі дамыту туралы ойламайды, жұмыста немқұрайлық танытып, ғылыми –зерттеу әдістерін жетік білмейді.

Өте төмен – алгоритмдік: мұғалімдер мектептегі жұмыс туралы ескі идеялардың тұтқыны болып табылады, барлығы дайын әдістемелік әзірлемелерді іздейді, инновациялар туралы түсінігі жоқ, пәннің мазмұнын тек стандарт аясында біледі, ғылыми зерттеу әдістерін білмейді.

Әдістемелік проблеманы/тақырыпты таңдау, оның өзектілігін негіздеу, мақсаттар мен міндеттерді тұжырымдау, күтілетін нәтиже критерийлерін әзірлеу, кезең–кезеңмен жұмыс жоспарының жобасын әзірлеу (жылдар бойынша) пәндік әдістемелік бірлестіктің отырысында проблеманы/тақырыпты бекітумен аяқталады (1-қосымша). Осылайша, байқаусызда мұғалімнің зерттеу жұмысы басталады. Сонымен қатар, мұғалімдер оқушылармен пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға дайындық бойынша жұмыс істейді, оның ерекшелігі мұғалімге пәнді терең білуді, сондай-ақ дарынды балалармен жұмыс жасау кезінде ғылыми көшбасшылықтың психологиялық–педагогикалық аспектілерін міндеттейді.

Әдістемелік мәселе/тақырып бойынша ғылыми дереккөздерді зерттей отырып, мұғалім теориялық ережелерді, олардың авторларын жеке дәптерде немесе компьютерде жазуға арналған қапта болуы керек. Теориялық талдау мен дереккөздерді ғылыми іздеуден кейін жасалған қорытындылар негізінде мұғалім сабақтарды, факультативті сабақтарды, бағдарламаларды, тапсырмаларды, сандық білім беру ресурстарын, зерттелген ережелерді, әдістерді, технологияларды және т.б. қолдана отырып, жаңа, жеке, шығармашылық «ерекшелікпен» дамыта алады. Зерттеудің осы қадамдарына бөлінген уақыт (мүмкін бір жыл, бір жарым жыл) педагогтің тәжірибесіне байланысты әр түрлі болады.

Эксперименттік сабақтарды, факультативтік сабақтарды және т.б. оқытылған әдістерді, технологияларды пайдалана отырып, мұғалім мектеп кестелері шеңберінде, сондай-ақ ашық мектепшілік іс–шараларда өз бетінше өткізе алады. Мектептегі іс–шаралардан кейін пәндік әдістемелік бірлестікте нәтижелерді қарау, талқылау және түзету мұғалім үшін пайдалы рәсім болып табылады, онда мұғалім әріптестерінің ескертулері мен ұсыныстарын әдістемелік көмек ретінде қабылдауы керек. Жұмысты объективті, дұрыс бағалау, өзара көмек–әдістемелік бірлестіктің негізгі қағидаттары. Сондай–ақ , зерттелетін әдістерді, технологияларды қолданып, проблема/тақырып бойынша сұранысқа ие эксперименталды сабақтар, элективті сабақтар және жоспардан тыс қалалық оқу–тәрбие іс–шараларында таныстырылым жасау

үшін ұсынылады, содан кейін нәтижелерді міндетті түрде қарау, талқылау және пәндік әдістемелік бірлестікке түзету енгізу ұсынылады. Эксперименттік–талдау кезеңінің соңғы қадамы апробацияланған, ең тиімді әдістерді, технологияларды жинау, өңдеу, рәсімдеу болып табылады.

Сонымен, педагогикалық тәжірибе «нақты жағдайларды, балалардың ерекшеліктерін, балалар тобын және мұғалімнің жеке басын ескере отырып, педагогиканың заңдары мен принциптерін практикада мұғалімнің белсенді игеруі және жүзеге асыруы»

(Г.М. Қоджаспирова өңдеген педагогикалық сөздік) [3], мәселені/ тақырыпты тандаудан бастап, зерттеу нәтижелері бойынша теориялық ережелер мен практикалық ұсыныстар бойынша аналитикалық тұжырымдарды қалыптастыру үшін пісіп жетіледі.

Зерттеудің әдістемелік кезеңінде мұғалім жұмыс тәжірибесінің негізінде оқу–әдістемелік басылым түрін таңдап, мазмұны мен техникалық талаптарына сәйкес әзірлеп, рәсімдеуі қажет. Пәндік әдістемелік бірлестікте оқу–әдістемелік басылым қаралып, талқыланғаннан кейін оқу–әдістемелік басылым Нұр–Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК Сараптама кеңесіне (2 Қосымшаға сәйкес) ұсынылуға тиіс.

II. ОҚУ–ӘДІСТЕМЕЛІК БАСЫЛЫМДАРДЫ ӘЗІРЛЕУ

Барлық оқу–әдістемелік басылымдарды үш үлкен топқа бөлуге болады:

Білім алушыларға арналған **оқу (дидактикалық) басылымдары** (оқулықтар, оқу құралдары, анықтамалар, дәрістер курстары, практикумдар, тапсырмалар мен жаттығулар жинақтары, жұмыс дәптерлері және т.б.).

Білім алушыларға сондай-ақ педагогтерге да арналған **оқу–әдістемелік басылымдар** (құралдар, ұсыныстар, жинақтар және т.б.)

Педагог қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулардан тұратын **әдістемелік басылымдар** (құралдар, ұсыныстар, жинақтар және т.б.) [4].

Оқулық – оқу бағдарламасына сәйкес оқу пәнінің немесе оның бөлігінің (бөлімінің) мазмұны жүйелі түрде баяндалатын және оқулық ретінде ресми бекітілген оқу басылымы [5].

Оқу құралы – оқу бағдарламасына сәйкес оқулық негізінде әзірленген оқу басылымы.

Оқу құралының атауында пәннің/курстың атауы болуы керек. Оқулықтан айырмашылығы, оқу құралы жеке тәжірибе негізінде әзірленеді; педагог оқу құралының мазмұнына ғылыми–зерттеу қызметі нәтижесінде анықталған неғұрлым тиімді ұғымдарды, ережелерді, кестелерді, графиктерді, әдістерді, технологияларды және т.б. енгізеді.

Оқу–әдістемелік құрал – оқу пәнін оқыту әдістемесі (оның бөлімі, бөлімше) немесе тәрбиелеу әдістемесі бойынша материалдары бар оқу басылымы.

Әдістемелік құрал – бұл мұғалімдерге практикалық қолдануға көмектесетін басылым. Әр мұғалім әдістемелік оқу құралын жасау кезінде жеке шығармашылық көзқарасты қамтуы қажет. Әдістемелік нұсқаулық әдістемелік ұсыныстармен ерекшеленеді, онда практикалық ұсыныстармен қатар, педагогикалық ғылымда ұсынылған сұрақтың қазіргі көзқарастарын ашатын теориялық ережелер де бар. Әдістемелік нұсқаулықта теорияның 1–3 тармағы болуы мүмкін, қалғаны-тәжірибе.

«Мазмұны» кіріспені, бөлімдердің, бөлімшелердің, тармақтардың барлық тарауларының атауларын (егер олардың атаулары болса), қорытындыны, пайдаланылған дереккөздердің тізімін, қосымшаларды (бар болса) қамтиды.

«Кіріспе» бөлімінде ғылыми аппарат жазылмайды (мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижесі), ол бағдарламада жазылады. Енгізу көлемі баспа мәтінінің 3–5 парағынан аспауы тиіс; мәтіннің 10% – на дейін; мәлімделген проблема/тақырып бойынша жариялау қажеттілігінің, өзектілігінің негіздемесі беріледі. Осы оқу құралы әзірленген педагогикалық тәжірибенің шарттары сипатталады; оқу–әдістемелік басылымның пайда болу себептері және арналған мекен – жай көрсетіледі.

«Негізгі бөлімнің» орнына негізгі тақырыптың мазмұнын ашу үшін тақырып жазылады. Негізгі бөлімінде мәтіннің көп мөлшері 85% – ға дейін

болуы шарт. Негізгі бөлімінде параграфтар мен тармақтарға бөлінеді (қарапайым және күрделі жоспар).

Оқу құралы негізгі бөлімінің мазмұны тақырыпқа/мәселеге, педагогтің жұмыс тәжірибесіне, зерттеу кезеңдеріне байланысты стандартты болмайды.

Негізгі бөлімнің шамамен мазмұны.

Негізгі назар материалды ұсынудың қарапайымдылығына және оны практикалық мысалдармен нығайтуға бағытталған. Қосымша түсініктемелер мен мысалдар болғаны абзал. Әдісті, технологияны және т.б. пайдалану немесе игеру кезінде қандай практикалық проблемалар туындайтынын анықтау қажет.

Осы мәселені/тақырыпты шешудің қолданыстағы тәсілдерін сипаттау. Таңдалған тәсіл мәселені шешуге негізделеді, оның артықшылықтары мен тиімділігі көрсетіледі. Педагогикалық идея (авторлық ой) – автордың негізгі идеяларын ұсыну (бар тақырыпты/мәселені оңтайлы шешудің негізгі тәсілдерінің жалпы сипаттамасы). Олардың ҚР МЖМБС талаптарымен, заманауи педагогикалық тұжырымдамалармен, осы білім беру ұйымын дамытудың негізгі бағыттарымен қалай байланысатынын көрсетіледі.

Педагогикалық идеяны жүзеге асыру процесі. Білім алушылардың оқу іс–әрекеті қалай жаңадан жүзеге асырылады, қандай жаңа әдістер, формалар, жұмыс әдістері қолданылды.

Оқушыларда қандай өзгерістер болды, зерттеу, эксперимент нәтижесі қандай критерийлер бойынша анықталды. Бұл әдіс, технология және т. б. бойынша жұмыс істеу үшін қандай ерекше жағдайлар қажет.

Негізгі бөлімнің мазмұны сұрақтарға жауап беруі керек: автор не ұсынады? Неліктен ол дәл осылай жасауды ұсынады? Нәтижесі қандай? Автор тәжірибесінің ғылыми–педагогикалық жаңалығы неде, қандай ерекше тұжырымдар білім беру тәжірибесін толықтыратынын анықталады. Ұсыныстарда ұсынылған қызмет әдістерінің даму перспективаларын сипаттау.

«Қорытынды» дегеннің орнына осы бөлімнің мазмұнын ашу үшін тақырып жазылады. Қорытынды – мәтіннің 10% – ға дейінгісін қамтиды. Зерттеу қызметінің қорытындылары жасалады, проблема/тақырып бойынша нәтижелер ұсынылады, педагогикалық тәжірибені қолдану бойынша ұсыныстар беріледі және мүмкін болатын қиындықтарды, олардың алдын–алу әдістерін көрсетеді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі (әдебиеттер, сайттар және т.б.) «Библиографияны құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері» ережесіне сәйкес құрастырылуы және әдеби көздер туралы библиографиялық мәліметтерді қамтуы тиіс. Автордың тегі, аты–жөні, оқу–әдістемелік басылымның атауы, баспаның орны, шыққан жылы көрсетіледі; автордың аты–жөні тегінен кейін орналастырылады.

Қосымшаларға көмекші сипаттағы иллюстрациялар; зерттеу процесінде педагог әзірлеген әзірлемелер, нұсқаулықтар және т.б. енгізілуі

мүмкін. Әрбір қосымша жаңа беттен рәсімделеді, нөмірі парақтың жоғарғы оң жақ бұрышында, ортасында – қосымшаның атауы жазылады.

Мәтін, бірыңғай таныстырылым стиліне, сондай-ақ орфографиялық, синтаксистік, стилистикалық сауаттылыққа сәйкес келетін логикалық, дұрыс сақталуы керек.

Әдістемелік ұсынымдар – бұл әдеби көздер, зерттелген және жалпыланған жұмыс тәжірибесі немесе арнайы жүргізілген зерттеулер негізінде оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және білім беру ұйымдарын басқарудың өзекті мәселелері бойынша қысқаша және нақты тұжырымдалған ұсыныстар мен нұсқаулар кешенін қамтитын әдістемелік басылым. Әдістемелік ұсыныстарда негізгі бөлімнің бірінші тармағы – теория, қалғаны – практика. Әдістемелік ұсынымдардың мазмұнына проблеманы/тақырыпты, пәнді және т.б. зерделеуге қажетті уақытты жоспарлау және ұйымдастыру бойынша кеңестер; оқу-әдістемелік кешен материалдарын пайдалану бойынша ұсынымдар; әдебиеттермен жұмыс бойынша ұсынымдар; сабақтарға, емтихандарға дайындық бойынша кеңестер; үй тапсырмаларын орындау бойынша түсініктемелер кіреді.

Жинақ – сабақ жоспарларының, сыныптан тыс іс-шаралардың, педагогтің бағдарламасына сәйкес жүйеленген тақырыптардың жүйелі жинағы. Диктанттардың, тесттердің, оқу пәндері бойынша тапсырмалардың, әндердің және т.б. жүйелендірілген жинақтары, педагогтің зерттеу қызметінің нәтижесінде сынақтан өткізген іс-шаралар ғана кіреді.

Оқу-әдістемелік нұсқауларда нақты тұжырымдалған ұсыныстар, зертханалық және практикалық сабақтарды орындау, практика мәселелерін шешу бойынша нұсқаулар, оларды орындау мысалдары бар практикалық тапсырмалар қамтылады.

Жұмыс дәптерінде оқушының оқу пәнін игерудегі өзіндік жұмысына ықпал ететін арнайы дидактикалық аппарат жазылады.

Хрестоматия – пәннің оқу нысанын құрайтын әдеби-көркем, тарихи және басқа да шығармаларды немесе олардан үзінділерді қамтитын оқу-әдістемелік басылым.

Оқу-көрнекі құрал оқуға, оқытуға немесе тәрбиелеуге көмектесетін материалдарды (картографиялық құралдар, атластар, альбомдар және т.б.) қамтитын оқу құралы.

Оқу бағдарламасы – тақырыптар тізбесі, тақырыптар мен тақырыпшаларға біріктірілген зерттелетін мәселелердің номенклатурасы, оларды зерделеу реттілігі, пәннің негізгі бөліктеріне бөлінетін уақыт айқындалған құжат. Бағдарламада пәннің мақсаты мен міндеттері, оның басқа пәндермен байланысы, тақырыптардың мазмұны ашылады, пәнді оқу нәтижесінде оқушы меңгеруі тиіс білімнің, машықтар мен дағдылардың (құзыреттердің) салалары мен сипаты айқындалады.

Бағдарламаға оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) қоса беріледі. Педагогикалық тәжірибе негізінде зерттеу нәтижелері бойынша әзірленген бағдарлама (оқу, факультативтік сабақтар, үйірмелер және т. б. үшін) – жаңашылдық элементтерімен педагогтің шығармашылық «ерекшеленуі»,

сондықтан бағдарламаны баяндау және ресімдеу кезінде мәселеге/тақырыпқа және т. б. байланысты жеке–шығармашылық тәсіл мүмкін болады.

1. ҚҰРАЛДЫҢ (ОҚУ ҚҰРАЛЫ, ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ӘДІСТЕМЕЛІК) ҮЛГІ ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Титул парағы.
2. Мазмұны.
3. Кіріспе (егер бағдарлама болса, онда түсінік хат).
4. Негізгі бөлігі.
5. Қорытынды.
6. Пайдаланылған әдебиеттер.
7. Шартты белгілердің, қысқартулардың, терминдердің және т. б. тізбесі.

8. Қосымша.

«Негізгі бөлім», «Қорытынды» дегеннің орнына негізгі тақырыптың мазмұнын ашу үшін тақырыптар жазылады.

«Кіріспе» бөлімінде ғылыми аппарат жазылмайды (мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижесі), ол бағдарламада жазылады.

2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҮЛГІ ҚҰРЫЛЫМЫ (ОҚУ, ФАКУЛЬТАТИВТІК САБАҚТАР, ҮЙРМЕЛЕР ЖӘНЕ Т. Б. ҮШІН)

Түсінік хат

1. Бағдарламаның қажеттілігін негіздеу.
2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері.
3. Оқу процесінің жалпы сипаттамасы: жұмыс әдістері мен формалары, оқыту құралдары.

4. Бағдарлама бөлімдерінің қысқаша тізімі. Бағдарламаның көлемі сағатпен, курстың ұзақтығы, мұғалімнің бағдарламаны іске асыру ерекшеліктері

5. Күтілетін нәтиже.

Мазмұнды бөлімі

1. Қысқа мазмұны және сағаттары көрсетілген тақырыптардың дәйекті тізбесі.

2. Күнтізбелік–тақырыптық жоспар.

3. Практикалық және зертханалық жұмыстардың тізімі және т.б., пәнаралық байланыстар.

4. Оқыту нәтижесінде алынған білім мен дағды деңгейіне қойылатын талаптар.

5. Бақылау формалары және оқушылардың жетістіктерін бағалау әдістері.

6. Оқушыларға ұсынылатын әдебиеттер тізімі.

7. Мұғалімдерге ұсынылатын әдебиеттер тізімі.

8. Пайдаланылған әдебиеттер.

Бағдарламаға кіретін әдістерді, технологияларды және т. б. оқушылардың білімді тиімді меңгеруіне ықпал ететін, бағдарламаның мақсатын іске асыратын оқу-әдістемелік басылымдар (жинақтар, жұмыс дәптерлері, оқу-әдістемелік, әдістемелік құралдары және т.б.), бағдарламаның *оқу-әдістемелік кешенін (ОӘК) құрады.*

Бағдарламаға оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) қоса беріледі.

III. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ

Педагогтердің зерттеу қызметінің нәтижесі ретінде оқу–әдістемелік басылымдарды әзірлеу және шығару педагогикалық тәжірибені таратудың ең өзекті түріне айналды.

Практикалық көрсету. Республикалық деңгейде оқытылған әдістерді, технологияларды және т.б. пайдалана отырып, ашық сабақтар, факультативтік сабақтар және қызметтің басқа да таныстырылымдарын өткізу. Қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі ғылыми–практикалық конференцияларға, конкурстарға, көрмелерге баяндамалармен қатысу (сондай-ақ мақалалар жариялау). Қалалық, республикалық журналдарда, газеттерде және басқа да ақпараттық құралдарда мақалалар жариялау. Білім беру сайттарында бейне сабақтар, сандық білім беру ресурстарын жариялау.

Ауызша насихат педагог тәжірибесін зерттеу туралы әңгімемен педагогикалық ұжым алдында сөз сөйлеуді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Мұны білім беру орталығының әдіскері, мектеп басшысы, мұғалімнің өзі жасай алады. Көрнекі насихат мұғалімнің тәжірибесінен көрмелер ұйымдастыруды қамтиды. Мектептің әдістемелік кабинетінде «Мұғалімнің жұмыс тәжірибесінен», «Танысыңыз: инновациялық тәжірибе!» айдарымен мұғалімнің суретін салып, тәжірибені қысқаша сипаттауға, зерттеу кезеңдерін сипаттауға болады. Қабырғалық ақпаратқа педагогикалық тәжірибе материалдары қоса берілсін (тәжірибе анықтама–сипаттамасы, сабақ әзірлеу, сыныптан тыс іс – шаралар, жоспарлар және т.б.).

Соңғы жылдары мектептерде мұғалімдердің шығармашылық есептерін ұйымдастыру және өткізу тәжірибесі кеңінен таралды. Оларды педагогикалық тәжірибені таратудың тиімді формаларының бірі ретінде пайдалануға болады. Шығармашылық есепті педагогикалық қызметтің мерейтойымен ұштастыруға және мұғалімнің мерекесі, оны құрметтеу ретінде ұйымдастыруға болады. Әдістемелік бірлестіктер, ұжымдары оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген мектептер шығармашылық есеп бере алады.

IV. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК–ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС

Білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында инновациялық ұйымдастырылған оқыту процесінде өзінің түбегейлі жаңа рөлін түсінетін және қабылдайтын, ақпараттық–коммуникациялық технологиялар ресурстарын, белсенді әлеуметтік–психологиялық нысандарды, педагогикалық мақсатта оқыту құралдарын пайдалана алатын, түпкі нәтижелерге қол жеткізу үшін оқу процесін жобалауға шығармашылық тұрғыдан қолайлы педагог қажет [6]. Сонымен қатар, педагогикалық процесті тұтас көру үшін жағдай жасауда бірқатар проблемалар туындайды:

- білім беру ұйымдарында жаңа оқу пәндерінің енгізілуіне байланысты осы пәндер бойынша жеткілікті оқытылмаған педагогтермен мектеп оқушыларының ақпарат ағынын меңгеруінде бытыраңқылық пайда болады;

- оқу – тәрбие үрдісіндегі жаңа басымдықтарды анықтау нәтижесінде тиісті кадрлық әлеует, материалдық – техникалық база және уақыт аралығы қажет болатын педагогтер қызметінің басқа моделін құру мәселесі туындайды;

- бос уақытты мәдени өткізу тәжірибесі жеткіліксіз ұйымдастырылған (кітап оқу, мұражайларға, спектакльдерге бару, ғылыми және мәдени пікірталастарға қатысу);

- мектеп әкімшілігі мен педагогтері көпшілік жағдайда басқарудың авторитарлық түріне басымдық танытады.

Әдіскерлердің анықтамаларына сәйкес, білім беру парадигмасын өзгерткен кезде даму және эксперимент режимінде тұрған ұйым ғана өмір сүре алады. Эксперимент – оқытудың, тәрбиелеудің, балаларды дамытудың, мектепті басқарудың жаңа технологияларын құру және сынақтан өткізу бойынша қатаң бағытталған және бақыланатын педагогикалық қызмет. Білім беруде эксперимент ұғымы «іздеу», «іздеу жұмысы», «тәжірибе», «тәжірибелік–эксперименттік жұмыс», «зерттеу жұмысы» және т.б. біріктіреді. Осылайша, білім беру ұйымының эксперименттік жұмысы – бұл педагогтердің түрлі міндеттерін шешуге арналған кешенді көпфункционалды әдіс: белгілі бір техниканы жетілдіруді, рационализациялауды, модернизациялауды, өзгертуді, білім беру ортасының жаңа жағдайларында қабылдауды болжайды; әлі күнге дейін аналогтары да, прототиптері де жоқ түбегейлі жаңа, инновациялық тәсілдердің пайда болуын болжайды [7].

Тәжірибелік–эксперименттік алаңды ашу үшін эксперименттік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу үшін қажеттілік пен жағдайдың бар–жоғын зерттеу қажет. Эксперимент бағытын анықтау, ұжымның және әр мұғалімнің педагогикалық әлеуетін диагностикалау, өткен жылдардағы талдаумен салыстыру, білім беру ұйымы мен оқытушылар құрамын дамытудың басым бағыттарын таңдау болашақ эксперименттің мазмұнын

объективті және дәл анықтайды. Қазіргі кезеңде таңдау дұрыстығының маңызды критерийлерінің бірі өзектілік (теориялық және практикалық маңыздылығы) болып табылады. Болашақ эксперименттің өзекті идеясы жоба мен бағдарламаның тұжырымдамасы түрінде, яғни зерттеуге және оны жүргізуді ұйымдастыруға көзқарасты анықтайтын әдіснамалық сипаттағы негізгі ережелер жиынтығымен жасалады.

Білім берудің түбегейлі жаңа тәжірибесі өздігінен тиімділікпен жетіле бастаған кезде, тәжірибелік–эксперименттік жұмыс қатаң әзірленген жобасыз (тек оның идеясымен, жалпы контурларымен) іздестіру қызметін ұйымдастырудың ерекше нысаны болып табылады. Қазіргі уақытта сұранысқа ие емес тәжірибе алаңының нәтижесі жаңа білім беру тәжірибесін құру болуы мүмкін, бірақ ол болашақта мектептің қалай дамитынын көрсетеді.

Әзірлеушілер немесе авторлар ұйымдастырушылық (экспериментке жауаптыларды тағайындау), ақпараттық (ұжымда, қалалық семинарларда, конференцияларда бұқаралық ақпарат құралдарында эксперименттік жұмыс жобасын таныстыру), ғылыми-әдістемелік (ғылыми кеңесшіні таңдау, тұжырымдаманы, бағдарламаны, жұмыс жоспарын әзірлеу) жұмыстармен қамтамасыз етеді. Егер жоба эксперимент ретінде ұзақ уақыт сынақтан өткізілсе, эксперименттік алаң ресми ашылғанға дейін құралдар, жинақтар және т.б. әзірлеу қажеттілігі бар, кадрлық (экспериментке қатысушылардың құрамын айқындау), қаржылық (егер экспериментті іске асыру үшін қаржылық шығындар қажет болса, онда шығыстар сметасы жасалады) эксперименттік жұмысты сүйемелдеу. Алдын – ала қарастырылған әлеуметтік серіктестік, ата–аналармен жұмыс, сонымен қатар, осы комбинацияда әлі қолданылмаған бұрын белгілі әдістердің элементтерін жаңа конструктивті біріктіруді қамтиды; білім беру ұйымының эксперименттік қызметінің сәттілігін қамтамасыз етеді.

Білім беруді жаңғырту орталығының мамандары, сарапшылар эксперименттік алаң ашуға ұсынылған материалдарды, олардың нәтижелерін болашақта бағалау мүмкін болатын қызмет түрлері қаншалықты егжей–тегжейлі сипатталғанын зерделейді. Сарапшы жобаның белгілі технологиялардың «қалыпты» (әдеттегі) қосымшасы болып табылатындығын немесе бұл білім беру процесінің сапасын бақылау мен бағалауға айтарлықтай үлкен инвестицияларды қажет ететін инновациялық жоба екенін анықтайды. Сондай–ақ сарапшы ұсынылып отырған жоба оны кейіннен бағалау үшін қажетті элементтерді, оны орындау уақытында жобаның жетістіктерін бақылау (мониторинг) тетігін қамтитынын анықтайды.

Білім беру ұйымдарының тәжірибелік–эксперименттік алаңдарында шығармашылық зерттеу топтары, зертханалар, орталықтар, жоба бағдарламасын апробациялау және белгілі бір критерийлер мен көрсеткіштер бойынша мақсатқа қол жеткізу сапасы, сондай–ақ оқу–тәрбие процесіндегі өзгерістер және педагогтердің кәсібилігінің өсуі бойынша кеңестер құрылады. Қол жеткізілген талдау арқылы бағдарламаның проблемалық

тармақтарын түзету жүргізіледі. Қол жеткізілген мақсат негізінде түзетіледі, яғни нақтыланады, өзгереді. Экспериментке қатысушылар, мұғалімдер білім беру процесін жетілдірудің жаңа жолдарын іздестіруде [8]. Ғылымға кіріспе мен идеяны ғылыми негіздеу қажеттілігін түсінудің шығармашылық процесі сезіледі. Ал, шығармашылық – бұл сынақтан өткізуді, экспериментті қажет ететін жаңасын жасау қызметі. Эксперименттік жұмысты жүзеге асыру үшін құнды шешімдер қабылдауға, жаңа құжаттарды, оқу-әдістемелік кешенді әзірлеуге әкелетін шығармашылық топтарда ынтымақтастық, қызметтестік орнайды. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген қызығушылығы артып, ғылыми жобаларға, пәндік олимпиадаларға қатысушылар мен жүлдегерлер саны артады. Сонымен қатар, кадрларды даярлауды жақсарту жолдарын іздеу жетіледі. Мұндай инновациялық ортада мұғалімдер ғылыми зерттеулер жүргізеді.

Жұмыстың дайындық кезеңінен бастап ғылыми негізделген, жүйелі түрде ұйымдастырылған эксперимент қатысушыларға күтілетін нәтижелер қандай болуы керек екендігі туралы нақты түсінік береді, демек, білім беру ұйымының жаңа мәртебесін алу арқылы экспериментті одан әрі сәтті жылжыту іске асады.

Тәжірибелік – эксперименттік алаңдардың жұмысы барысында экспериментке қатысушылар өз тәжірибелерін педагогтердің біліктілігін арттыру курстарында, әдістемелік семинарларда, ғылыми – практикалық конференцияларда, көрмелерде шығармашылық есептер түрінде ұсынады; эксперименттің аралық және қорытындылары бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттерді таратады [9]. Ресми түрде берілген тәжірибелік – эксперименттік алаң мәртебесінің болуы білім беру ұйымына эксперименттік жұмыс тақырыбына сәйкес қызметтің үлгілік регламентіне өзгерістер енгізуге, оқытудың мазмұнын, нысандарын, әдістерін өзгертуге; білім беру қызметкерлері үшін эксперимент нәтижелері бойынша оқу қызметін жүргізуге құқық береді.

Эксперимент кезеңдері:

Диагностикалық кезең. Мәселені анықтау және оның өзектілігін негіздеу, яғни мұғалімдердің қиындықтарын диагностикалау немесе білім беру процесіндегі қайшылықтарды анықтау.

Болжамдық кезең. Эксперимент бағдарламасын әзірлеу: зерттеу мақсаты қойылады, ол эксперименттің бірқатар міндеттер нақтыланады; жаңа технология моделі құрастырылады (әдістемелер, құрылымдар, шаралар жүйесі және т.б.); күтілетін нәтижелер, сондай-ақ ықтимал теріс салдарлар болжанады; өтемдік механизмдер ойластырылады.

Ұйымдастырушылық кезең, ең алдымен, эксперименттің материалдық базасын дайындаумен байланысты. Эксперимент, қосымша материалдық және ақшалай ресурстар үшін қаржылық сметаны әзірлеу жоспарланады.

Тәжірибелік – эксперименттік жұмысты ұйымдастыру кезінде басқарушылық функцияларды дұрыс бөлу маңызды – экспериментте кім және не үшін жауап береді: директор, оның орынбасарлары, оның ішінде директордың эксперименттік жұмыс жөніндегі орынбасары, мұғалімдер,

сынып жетекшілері, студенттер, ата–аналар. Эксперимент жүргізу басталғанға дейін эксперимент жүргізуге қатысатын педагог кадрларды арнайы даярлауды (оқыту туралы) ұйымдастыру көзделеді (егер эксперимент өңірлік ауқымда жүргізілсе). Тұрақты жұмыс істейтін семинар, шығармашылық есеп және т. б. орынды. Педагогтерді экспериментті ұйымдастырудың жалпы әдістемесіне, нақты эксперименттердің бағдарламаларына, олардың барысына, нәтижелерін талқылауға үйрету. Жұмыс барысында аралық сараптама деректерін ескере отырып, әдістемелер, технологиялар түзетілуі мүмкін.

Эксперименттің ұйымдастырушылық дайындығы әдістемелік қолдауды қамтиды. Бағдарламадан басқа, оған барлық қажетті дидактикалық материалдар, жазбаша (оқыту және тексеру) жұмыстарының мәтіндері, сауалнамалар, технологияның толық мәлімдемесі, эксперименттік қызметтің әр элементі кіреді. Тәжірибе жүргізетін мұғалімдерді моральдық және материалдық ынталандыру мәселелерін де қарастырған жөн.

Экспериментті ұйымдастыру процесіне эксперименттік және бақылау объектілерін (параллельдер, сыныптар, жекелеген білім алушылар, балалар топтары және т.б.) іріктеу жатады. Нысандар бастапқыда бастапқы параметрлерге тең болуы керек. Экспериментті ұйымдастыруды ғылыми жетекші (біліктілігі жоғары кеңесші) қамтамасыз етеді. Ғылыми жетекшінің функциясы – экспериментті ғылыми негіздеуге, процесті қамтамасыз етуге және эксперимент нәтижелерін жалпылауға (талдауға) көмек көрсету [10].

Практикалық кезең. Бастапқы айқындаушы кесінділерді, жаңа технологияларды іске асыру, аралық (ағымдағы) нәтижелер процесін қадағалау, сыналатын технологияларды түзету, эксперименттік және бақылау объектілері үшін бақылау кесінділерін жүргізу. Бұл ретте балалардың эксперименттік және бақылау топтарының денсаулық жағдайына медициналық бақылау белгіленеді.

Жалпылау кезеңі. Деректерді өңдеу, эксперимент нәтижелерін қойылған мақсаттармен салыстыру, алынған деректерді талдау, гипотезаны түзету, нәтижелерге сәйкес жаңа технология моделі, эксперимент барысы мен нәтижелерін жобалау және сипаттау.

Енгізу кезеңі. Жаңа әдістің тұсаукесері. Эксперимент бағдарламасын дайындаудың ажырамас бөлігі – нақты зерттеу техникасы мен әдістерін әзірлеу, таңдау. Бұл әртүрлі сауалнамаларды жасауды, эксперименттік дидактикалық материалдарды, диагностикалық, тексеру және бақылау жұмыстарын және басқа эксперименттік материалдарды әзірлеуді білдіреді. Бағдарламаның қажетті компоненті – эксперимент мерзімі. Бастапқы диагностикалық кесінді жүргізілмесе, мерзімдерді көрсетпей, эксперименттің қай кезеңде екенін анықтау мүмкін емес. Экспериментті жақсы ұйымдастыру, тапсырмаларды орындаудың аралық көрсеткіштерін анықтау үшін эксперименттің барлық кезеңдерінің мерзімдерін анықтау қажет. Экспериментті бастай отырып, барлық жоспарлардың абсолютті сәттілігіне кепілдік берілмейді, сондықтан эксперименттің шығындарын өтеу үшін сәтсіз немесе теріс нәтижелер болған жағдайда бағдарламаға қосымша

уақытты енгізу керек. Оқу процесіне қатысты ағымдағы жыл шеңберіндегі эксперимент үшінші тоқсаннан кешіктірілмей аяқталуы тиіс.

Эксперименттің күтілетін нәтижелерін бағалау критерийлері эксперимент басталғанға дейін анықталып, оның мақсаты мен міндеттерімен байланыстырылуы керек. *Нәтижелілік критерийі.* Мысалы, егер эксперимент пәні оқыту әдістемесі болса, онда оның нәтижелері:

- а) не сол мұғалімнің бұрынғы нәтижелерінен жоғары;
- б) не осы өңірдің білім беру ұйымдары үшін орташадан жоғары;
- в) немесе оңтайлы, яғни нақты балалар үшін мүмкін болатын ең жоғары.

Уақыт критерийі. Өйткені уақыт – еңбек тиімділігінің әмбебап көрсеткіші.

Сараптамалық бағалауда ең бастысы – сыни ескертулер мен сындарлы ұсыныстар. Эксперимент бағдарламасына шолу келесі аспектілерді бағалайды:

- Эксперимент бағдарламасы мазмұнының толықтығы.
- Тұтастық (бағдарлама бөліктерінің қисындылығы, өзара байланысы және бірізділігі).
- Қателіктер, кемшіліктер, жетімсіздік.
- Бағдарламаға ұсыныстар, жаңа идеялар, толықтырулар.
- Сараптамалық қорытынды (бағдарлама жарамды және жүзеге асыруға ұсынылады; айтылған ескертулер бойынша пысықтауды қажет етеді; жарамсыз).

Эксперимент барысы арнайы күнделіктерде тіркеледі, олар эксперименттік жұмыс субъектілері мен объектілерінің бақылаулары мен жұмыс нәтижелерін бағалаудың күнделікті немесе апта сайынғы (кезеңдік) жазбалары болып табылады. Эксперимент процесі мен нәтижелерін бақылау үшін тексерілетін әдістеменің, құрылымның, технологияның, педагогикалық техниканың тиімділігі анықталатын критерийлерді нақты анықтау қажет. Бұл ретте осы өзгерістердің нақты кімге – мұғалімдерге, білім алушыларға, білім беру ұйымдарының басшыларына жататыны және алынған нәтижелердің қолданылу аясы қандай екені көрсетіледі.

Эксперименттің теориялық маңыздылығын бағалау кезінде қолданыстағы дидактикалық және педагогикалық теорияларды толықтыра алатын идеялардың жаңалығы анықталады. Осылайша, білім берудің жаңа мазмұнында эксперименттік жұмысты ұйымдастыру мен жүргізуді практикалық іске асыру экспериментке қатысушылардың да, білім беру ұйымының барлық педагогикалық ұжымының да жеке және кәсіби жауапкершілігін көздейді. Эксперимент нәтижелерін ресімдеу есебі, конференцияда сөз сөйлеу, журналдағы мақала, брошюрада сипатталған әдістеме, әдістемелік құрал және басқа да оқу–әдістемелік басылымдардың түрлері бойынша орындалы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген.

2.»Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (31.03.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 13-р Өкімі.

3. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогикалық сөздік: Жоғары және орта педагогикалық оқу орындарының студенттері үшін. — М.: И; М.: «Академия» баспа орталығы, 2000. 176 б.

4. Панина Т.С. Кәсіптік білім беру мекемелерінің әдістемелік қызметтерінің жұмысын жаңғырту: әдістемелік құрал/ Т.С. Панина, Л.Н. Вавилова. – Кемеров қ., : ГОУ «КРИПО», 2009. - 408 б.

5. Добренкова Е.В. Білім беру дискурсының әлеуметтік морфологиясы: тарихи және әлеуметтік аспектілер. - М., 2006 – 335б.

